

Акупунктура. Акупунктурада  
электрдің қолданылуы.  
Биологиялық, медициналық және  
ауылшаруашылық зерттеулерде  
электрөткізгіштік әдісін қолдану  
Акупунктуралық диагностика.

Орындаған: Олжабаева Ж.Б.  
Қабылдаған: Жаманбаева Г.Т.



# Жоспар:

## **1.Кіріспе.**

1.1.Акупунктура.

## **2.Негізгі бөлім.**

2.1.Акупунтураның әсер ету механизмінің теориялары

2.2.Акупунктурада электрді қолдану.


2.3.Акупунктуралық диагностика.

## **3.Қорытынды.**

## **4.Пайдаланылған әдебиеттер.**

**Биологиялық активті нүктелер** — денедегі ерекше нүктелер. Олар спектрлік потенциалы, зат алмасуы, қызуы жоғары, ал электрлік кедергісі төмен, өте сезімтал клеткалардан тұрады. Биологиялық активті нүктелерден оттек жедел сіңіріліп, көмір қышқыл газы тездетіп шығарылады.


Адам денесінде 700 — 1000 биологиялық активті нүктелер табылған. Олар белгілі бір жүйемен орналасқан, әрқайсысы белгілі бір мүшемен байланысты. Әр нүктенің тітіркенуі ерекше сезім тудырады. Ауырған адамды емдеу осыған негізделген. Биологиялық активті нүктелерді күміс, ванадий, сүйектен жасалған инемен сұғып тітіркендіреді немесе қыздырады. Сондай-ақ, биологиялық активті нүктелерді импульстік тогымен тітіркендіру әдісі де бар



9- сурет. Алақандағы биологиялық (акупунктуралық) белсенді нүктелер

# АКУПУНКТУРА

**Акупунктура** (инемен емдеу). Тіс-жақ манындағы белгілі бір нүктені инемен емдеу. Ине жүйке жүйесі арқылы гуморальдық, гормональдық факторларға әсер етіп, шартсыз рефлекс тудырады. Соның нәтижесінде дерттенген ағзалар мен тканьдердің қызметтегі қалпына келеді. Осы тәсілдердің жаңа түрі — лазер рефлексотерапиясы, яғни бет иек жақтағы биологиялық активті нүктелерге лазер сәулесімен әсер етіп, стоматологиялық ауруларды емдеу (пародонтит, глоссалгия т. б.)




Қытай медицинасында әсер ету нүктесі немесе акупунктуралық нүкте **кун-сюэ** терминімен анықталады, сөзбе-сөз аударғанда: кун – саңылау, сюэ – ін, үңгір, яғни рухани үңгір деген мағынаны білдіреді. Осы “саңылауда” сыртқы ортамен ағзаның энергия алмасуы жүреді және осылардан “се” – ауру тудырушы бастамалар денеге кіреді немесе денеден шығады.

**Дәстүрлі қытай түсініктері бойынша, акупунктура нүктелері 3 деңгейге бөлінеді:**

**1.беткейлік – тянь (аспан);**

**2.орташа - жень (адам);**

**3.төменгі – ди (жер).**



**СРЕДНЯЯ ЛИНИЯ СПИНЫ (точки сверху в низ):** 1-да-чжуй 2-гао-дао 3-шэнь-чжу 4-шэнь-дао 5-лин-тай 6-чжи-ян 7-цзинь-со 8-чжун-шу 9-ци-чжун 10-сюань-шу 11-мин-мэнь 12-ян-гуань 13-яо-шу 14-чан-цян


**ПЕРВАЯ БОКОВАЯ ЛИНИЯ СПИНЫ :** 1-да-чжу 2-фэн-мэнь 3-фэй-фу 4-цзюе-инь-шу 5-синь-шу 6-ду-шу 7-гэ-шу 8-гань-шу 9-дань-шу 10-пи-шу 11-вэй-шу 12-сань-цзяо-шу 13-шэнь-шу 14-ци-хай-шу 15-да-чан-шу 16-гуань-юань-шу 17-сяо-чан-шу 18-пан-гуан-шу 19-чжун-люй-шу 20-бай-хуань-шу 21-шан-ляо 22-цы-ляо 23-чжун-ляо 24-ся-ляо 25-хуэй-ян (сбоку от верхнего края копчика)

**ВТОРАЯ БОКОВАЯ ЛИНИЯ СПИНЫ:** 1-фу-фэнь 2-по-ху 3-гао-хуан 4-шэнь-тан 5-и-си 6-гэ-гуань 7-хунь-мэнь 8-ян-ган 9-и-шэ 10-вэй-цан 11-хуан-мэнь 12-чжи-ши 13-гао-хуан 14-чжи-бянь

# Арка акупунктурасы

## АУРИКУЛЯРЛЫҚ (ҚҰЛАҚ) АКУПУНКТУРАСЫ

Аурикулярлық (құлақ) акупунктурасы (эр-чжень-ляо, немесе құлақ қалқаны нүктелеріне ине шаншу) – рефлексотерапия әдістерінің бірі. Ол қалай шыққаны нақты белгіленбеген, бірақ аурикулотерапия қайнар көзі шамамен б.з.д. 200-300 жылдарға барады, бірақ б.з.д. V ғасырдың өзінде бамбук инелерімен құлаққа шаншу емі қолданған.



Құлақ қалқанындағы нүктелердің орналасуы қатан заңға сәйкес. Олардың аты белгілі ішкі органмен немесе орган функциясымен байланысқа немесе әсер етуіне сәйкес қойылады. Мысалы, жүректің, бауырдың нүктесі, астма нүктесі, тыныс алуды реттейтін нүкте, артериалды қысымды төмендететін нүкте. Кейбіреулердің аты ішкі орган ауруының атына сәйкес: гепатит нүктесі, бауыр циррозы нүктесі. Бірнеше нүктенің дәстүрлі қытай аты бар: тай-ян («күн»), шень-мэнь («рух қақпасы»). Аурикулотерапия әдісі құлақ қалқанындағы кейбір нүктелерге инелермен, электр импульстарымен, массажбен әсер етуден тұрады. Ішкі органдардың әр түрлі аурулары кезінде жиі құлақ қалқанының кейбір жерінде белгілі бір өзгерістер байқалады. Мысалы, түсі мен формасының өзгеруі, кемістіктердің пайда болуы, сулы көпіршік және т.б. Ойық жарасы бар кейбір науқас адамдардың асқазан нүктесі айналасында кішкентай, дөңгелек формалы бұдырмақ, ал асқазанды алдырып тастаған соң – ақ немесе қызыл жолақ түріндегі кішкентай орақ сияқты тыртық пайда болады.





# Акупунктураның әсер ету механизмінің теориялары

## ▣ ҰЛПАЛЫҚ ТЕРАПИЯ ТЕОРИЯСЫ

ӘСЕР ЕТУДІҢ НЕГІЗГІ  
ФАКТОРЫНА  
НЕКРОГОРМОНДАР МЕН  
БЕЛОКТЫҢ  
ЫДЫРАУЫНАН  
ТУЫНДАЙТЫН ӨНІМДЕР  
ЖАТАДЫ, ОЛ ИНЕНІ  
ЕНГІЗДІРГЕН ЖЕРЛЕРДЕ  
ҰЛПАНЫҢ  
ЗАҚЫМДАЛУЫНАН  
ПАЙДА БОЛАДЫ.

## ▣ Капиллярлық қан ағысын қалыптастыру теориясы.

Инетерапия әсерінен  
капиллярлық қан ағысы  
қалыптасады, екіншіден  
сол нүктемен байланысы  
бар мүшелерде  
патологияны жоюға  
көмектеседі.

## ▣ ГИСТАМИНДІ РЕТТЕУ ТЕОРИЯСЫ.

Инетерапия кезінде сол нүктеге сәйкестелген жұлын сегменттері мен вегетативті нерв жүйесінің симпатикалық бөлігі арқылы рефлексті түрде ауру мүшенің зақымдалған ұлпаларында гистидин құрамы қалыптасады да олардан гистаминнің бөлінуі реттеледі. Нәтижесінде капиллярлардағы қан ағысына әсер етіп және алмасу процесі қалпына келеді.

## ▣ ЭЛЕКТРЛІК ТЕОРИЯ

Инешаншу кезінде пайда болатын биоэлектрлік ток резонанс тудыра отырып емдік әсер етеді, яғни биотоктарда пайда болатын толқын ұзындығы мен тербеліс жиілігі - ауырған мүше ұлпаларының осы көрсеткіштерімен сәйкестеледі; б) Акупунктура нүктесіне (АН) инені енгіздіргенде сол жерде өзгерген жергілікті электр заряды ағзаның барлық жеріндегі электр зарядына әсер етеді. Иненің әсер еткен жерінде пайда болатын потенциал канал бойымен таралады, бірінші нүкте мен канал бойымен орналасқан нүктелердің қосымша тітіркендірушісі болып табылады


## ТЕРМОЭЛЕКТРЛІК КОНЦЕПЦИЯ

Осы теорияға авторлардың пікірі бойынша, акупунктуралық иненің термоэлектрлік бірінші әсер ету механизмін, енгіздірілген ине термозонд болып табылатынын және тұтас ағзаның жылу гомеостазына әсер ететінін көрсетті. Ине электролитті ортаға батырылатын болған соң, әртүрлі температура градиентіне байланысты ол жерде электр потенциалы туындайды, бұл потенциал нерв жүйесіне бірдей энергетикалық әсерін тигізеді. А.П. Ромоданов әріптестерімен температураның екі фазалық өзгерісін және соған сәйкес акупунктуралық инені енгіздіргенде болатын “әсер ету нүктелерінің” функционалды күйін көрсетті: бірінші фаза – қоздыру, қан ағысының күшеюінен жергілікті температураның жоғарылауынан туады, екінші фаза – тежеуші, жергілікті температураның төмендеуімен жүреді.

# Биоэлектрлік және ақпаратты-энергетикалық теория



Тірі ағза қоршаған ортамен қарым-қатынас жасағанда, гомеостазды сақтай отырып, сол ортаның жағдайлары мен талаптарына әрдайым бейімделу керек. Биофизикалық көзқарас бойынша, ағза дегеніміз – энергетикалық жүйе болып табылады, сондықтанда сыртқы ортада да, ағза ішінде де, сыртқы орта мен ағза тоғысқан кезде де жүріп жатқан электрлік және электрмагниттік процестердің тіршілік ету үшін мәні зор. Макро- және микрокосмос арасында ақпаратты-энергетикалық алмасу акупунктура нүктелері (АН) арқылы жүзеге асады (Е.С. Вельховер, В.Г. Вогралик т.б.). Ю.П. Лиманский (1990) ұсынған гипотезасы бойынша, АН спецификалық жүйе болып табылады, Жердің электрмагниттік өрісінің және метеофакторлардың өзгерісі жайында сигналдарды қабылдап, миға жеткізу қабілеті бар және оны “экоцептивті сезгіштер” деп атайды.

**Инемен емдеу (Ине емшілігі, иглорефлексотерапия) - көне Қытай жерінде пайда болған. Қытайша Чжэн цзю ляо фа, яғни ине шаншу және қыздыру арқылы емдеу деп аталады. Бұл емнің нақтылы қай уақытта қолданысқа ене бастағаны жайлы кесімді жауап айту қиын. Көне әдебиеттер мен қазба деректерге негізделгенде бұл уақыт жаңа тас дәуіріне сәйкес келеді. Алғашында олар үшкір тастармен, жануарлар сүйегімен, бамбұқ талшықтарымен дененің белгілі орындарын тітіркендіріп ауруларды емдеген. Б.Э. дейінгі 220 жылдан бұрын Қытайда метал қорыту техникасы пайда болған. Осы кездерден бастап мыстан, кейінірек күмістен, алтыннан инелер жасала бастады. Бұл инелердің құны жоғары болғандықтан, темір, қорытпа болат инелер жасалып, түр-пішіндері де молая түсті.**




Оларды ең алғаш жинақтап, сүреттеп, "тоғыз ине" аталымымен жіктеген көне әдебиет "*Патша баяны*" -ның "*Лин шу*" бөлімі болды. Сол дерекке негізделгендегі тоғыз иненің ерекшеліктері төмендегідей болған:

1. Жебе басты ине /*ЧАН ДЖЫН*/: Жебенің ұшына ұқсайды. Тері бетін шаншуға арналады .
2. Жұмыр басты ине /*ЮАН ДЖЫН*/ Бұлшық ет ауруларын емдеуге арналады.
3. Біз ине /*ДИ ДЖЫН*/: қан тамырдағы ауруларды емдеуге қолданылады.
4. Қырлы ине /*ФЫҢ ДЖЫН*/: Шетіп қан шығаруға, іріңді ісіктерді емдеуге қолданылады.
5. Семсер ине /*ПИ ДЖЫН*/: Кейін хирургияда және денеден қан шығаруда пайдаланатын болған.
6. Домалақ үшкір ине /*ЮАН ЛИ ДЖЫН*/ Қатты қақсау сезімі болатын ауруларға қолданылады.
7. Жіңішке ине /*ХАУ ДЖЫН*/:Қазіргі кезде ине емшілігінде ең көп қолданылатын ине осы болып табылады.
8. Ұзын ине /*ЧАН ДЖЫН*/: Ұзақ уақыт қақсап жазылмай кеткен ауруларға терең шаншу арқылы емдеуге арналған.
9. Жуан ине /*ЧАН ДЖЫН*/: сулы ісіктерге істетіледі, кейде отқа қыздырып қолданғанда "от ине" деп аталады.



Старинные иглы для акупунктуры






Жақын жылдары "тоғыз ине" негізінде қыруар ине түрлерімен ине шаншу әдістері жарыққа шықты. Мысалы тері астында сақталатын "тері асты инесі", инемен электр тогі бірлестірілген "электірлі ине", дәрілерді нүктеге егетін "сулы ине", тазартылған ауаны шприцпен нүктеге кіргізетін "газ ине" сияқтылар. Сондай-ақ дәріні нүктеге электрмен сіндіру, асқын күлгін жіне қызыл сәлені нүктеге түсіру, нүктеге жіп көму секілді жаңаша әдістердіңде түрлері көбейіп келеді.


Қыздыру емшілігі ине емшілігіне ілесе дамыды Б.Э. 220 жылдарынан бұрын негізінен ермен үймесімен емдейтін. Үйме тарыдан жаңғаққа дейінгі үлкендіктерде болған. Лолларды нүктеге қойып тұтатады. Б.Э. 265 жылынан бастап үймелердің астына жапырақтап туралған у сарымсақ, жемжеміл, ас тұзы, сары топырақ, жауын құрты сияқты нәрселерді қоятын "перделі қыздыру" пайда болды. Кейінірек ермен дәріні араластырған "дәрілі шылымы" пайда болған. Әзіргі кезде электр аспаптар мен қыздыру, күн нұрымен қыздыру секілді жаңаша әдістер де жарыққа шықты.




# Акупунктурада электрдің қолдануы



**a**



**b**



□ Қазіргі заман ағымында ауруды басу үшін акупунктураны қолданады. Сонын ішінде электр заряды төмен инемен биопункттерге әсер ету. Осы арқылы аз уақытта емделуге болады. Бұл ағзаға еш механикалық зақым келтірмей, ағзаны клеткалық деңгейде емдеу.

## **□ Қарсы көрсетілімдер:**

□ Стерильді инелер қолданылмаса, инфекция жұқтыру қаупі жоғары.

□ Ине шаншылған жерден қанның тоқтамауы

□ Бас ауруы

# Қолдану аясы:

- Арықтау мақсаты
- Ауруды бәсеңдету
- Отадан кейін
- Нашақорлықты емдеу
- Қан қысымын түсіру
- Жүрек айнуы кезінде
- Емдеу шарасы:
  - Артрит;
  - Бронхит
  - Астма;
  - Спондилоартрит;
  - Мигрень;
  - Гипертония;
  - Синусит
  - Сал ауруы

# Акупунктарлық диагностика




- Мерианадағы энергиялардың дисбалансын анықтауға арналған. Анықтау қажет:
- Энергияның артық не аз екендігін
- Мерианадағы энергиялардың бұзылуы
- Ішкі органдар функцияларының бұзылуы

## Аурометрия


Адамның биополясы мен чакраларын визуальдау үшін қолданатын компьютерлік модельдеу. (Фолль тәсілі)

Ағзадағы 14 меридиандар 2-ге бөлінеді, инь – 7, янь- 7 меридианнан. Янь- сыртқы органдарда болса, инь- ішкі органдарда орналасқан. Меридиандар жиынтығы функциянальды система түзейді.

		Измерение	
[-] Правая рука	Dextra A	51	OK
	Dextra B	51	
	Dextra C	51	
[-] Левая рука	Чакра 1 (Муладхара)	61	OK
		61	
	Чакра 2 (Свадхистана)	72	5
		72	
		72	
	Чакра 3 (Манипура)	42	3
		42	
		42	
	Чакра 4 (Анахата)	47	3
		47	



**Левая рука**  
(сторона Ян)



**Меридианы**

- Y** – Управляющий меридиан
- B** – Меридиан толстого кишечника
- J** – Меридиан позвоночника
- F** – Меридиан тонкого кишечника
- C** – Меридиан желудка
- K** – Меридиан желчного пузыря
- G** – Меридиан мочевого пузыря

**Внешние и внутренние чакры**

- Чакра Солнца
- Чакра Ветра
- Чакра Сердца
- Чакра Жара
- Чакра Влажности
- Чакра Сухости
- Чакра Холода

# Қорытынды

- Қазіргі медицина диагностикада, аурулардың этиологиясын, патогенезін, емдеуін зерттегенде белгілі категорияларды (морфологиялық, физиологиялық, биохимиялық т.б.) қолдануды ұсынады. Осыған байланысты батыс еуропа ғалымдарының акупунктураның әсер ету механизміне жүргізген зерттеулерінің бағыты адам ағзасына тигізетін акупунктуралық әсердің жеке жақтарын зерттеуге арналған.



# Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. "Адам мен жануарлар терісіндегі активті нүктелер" биофизика зертханалық сабақ нұсқасы.
2. Биоморфология терминдерінің түсіндірме сөздігі/ - Алматы: "Сөздік-Словарь", 2009. ISBN 9965-822-54-9
3. <http://stud.kz/referat/show/40456>
4. [https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%91%D0%B8%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D0%B3%D0%B8%D1%8F%D0%BB%D1%8B%D2%9B\\_%D0%B0%D0%BA%D1%82%D0%B8%D0%B2%D1%82%D1%96\\_%D0%BD%D2%AF%D0%BA%D1%82%D0%B5%D0%BB%D0%B5%D1%80](https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%91%D0%B8%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D0%B3%D0%B8%D1%8F%D0%BB%D1%8B%D2%9B_%D0%B0%D0%BA%D1%82%D0%B8%D0%B2%D1%82%D1%96_%D0%BD%D2%AF%D0%BA%D1%82%D0%B5%D0%BB%D0%B5%D1%80)